

Қазақстан Республикасының резервтік қорынан қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 26 мамырдағы N 480

Ақтөбе облысындағы табиғат апатының салдарын жою және зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету жөнінде кезек күттірмейтін шаралар қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюды қоса алғанда, төтенше жағдайларды және шараларды қаржыландыруға көзделген қаржының есебінен Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан 1998 жылғы наурызда болған табиғат апатының салдарын жою және зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету үшін Ақтөбе облысының әкіміне 40 (қырық) млн. теңге бөлінсін.

2. Ақтөбе облысының әкімі 1998 жылғы 2 тоқсанның қорытындысы бойынша орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетіне баяндасын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі